

А.Б. Сансизова

МАЛДАН АЛЫНАТЫН ӨНІМДЕР НАРЫҒЫН ДАМУ

Ет нарығы жоғарғы қанықпен сипатталады. Ет ұсынысының өсімі мал басының көбеюі есебі арқылы қамтылған. Сол себептен ет өндірісі төменгі тиімділігімен мінезделеді, ал ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ол шығынды. Ет және ет өнімдерін терең қайта өңдеу, ет өнімдері төмен өзара қамтамасыз еткендігінен және сол себептен жоғары импорт тәуелділік болғандықтан, отандық тауарөндірушілердің өнімдерінің қабілеті төмен бәсекелестікте.

Ескірген өндірістік технология, ондағы қол еңбегінің басымдылығынан ет өндірісінің өсімін ұстап жібермейтін факторға айналды. Асыл тұқымды шаруашылықтар жаңа технологияға асықпай көшуде.

Мал шаруашылығы саласы Қазақстан үшін дәстүрлі шаруашылық болып табылады, мұнда малдың 90%-ы тұрғындардың үй шаруашылығына тиесілі. Республика бойынша 2010 жылдың мәліметтері бойынша асыл тұқымды мал өсірудің шаруашылық базасын 787 шаруашылық субъектілері құрайды. Оның ішінде 67 асыл тұқымды зауыт және 720 асыл тұқымды шаруашылық бар. Асыл тұқымды малдардың ұрығын өндіру және сатумен 22 субъект айналысады, оның ішінде 2-уі асыл тұқымды орталық және 20-сы дистрибьютерлік орталық.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында жыл сайын мал тұқымын асылдандыруға, ірі қара мал, қой, шошқа, құс еттері мен сүт, жұмыртқа өндіруге керекті құрама жем бағасын төмендетуге кететін шығындарға субсидиялар берілуде. Алайда, республика бойынша асыл тұқымды мал санының жыл сайын өсуіне қарамастан, олардың үлес салмағы әлі де төмен. Мәселен, мүйізді ірі қара мал шаруашылығында – 3,6 пайыз, қой – 6,9 пайыз, жылқы – 2,5 пайызды құрайды. Алдағы кезде де мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау үшін істелетін жұмыстар сапалы мал өнімдерін өндіруді молайту мен асыл тұқымды мал басын көбейтуге бағытталуы керек.

2010 жылдың 1 қаңтарына асыл тұқымды ірі қара мал саны республика бойынша 171269 басты құрайды, оның ішінде сүтті және сүтті-етті бағыттағы 94588 бас, етті 76681 бас. Асыл тұқымды қой саны 1048367 бас, шошқа - 80564 бас, жылқы - 49502 бас, түйелер - 12198 бас, құс - 597136 бас. Асыл тұқымды мал санының өсуіне мемлекет тарапынан көмек көрсетілуде.

Агралық секторда бірінші кезекте ет беретін мал шаруашылығын дамыту керек. Ол үшін малдың барлық тұқымдарының басын көбейтуге себін тигізетін шаралар ұйымдастыру және ауылшаруашылық өндірісін көбейтуді қамтамасыз ететін инновациялық технологияларға негізделуі тиіс. Міне, бұл ауыл шаруашылығын индустрияландыру болып табылады. Біз малды қалай ұстауды, қалай бағып-қағуды білеміз, бірақ одан қалай ақша жасауды білмейміз. Сондықтан шетел тәжірибелерінің көптеген әдістерін қолдана отырып, жаңа технологиялардың көмегімен экспорт потенциалын жоғарлату қажет [1, 36.].

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығында шешімін таппаған үш үлкен мәселе бар. Біріншісі – техниканың тапшылығы және ескіруі, екіншісі – мал шаруашылығын экспортталмауы, үшіншісі ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу, өңдеу мәселесі. Міне, сондықтан да алдағы кезде ауыл шаруашылығын қолдауды осы басты бағыттарда жүргізуіміз керек.

Аграрлық сектор өндірісін әртараптандыру, аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, экспорттық потенциалды қалыптастыру мақсатында 2010-2014 жылдарға арналған Ауыл шаруашылығы министрлігінде АӨК дамыту бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаны құру мақсатында 8 бағыт атап көрсетілді:

1. инновациялық технологиялар енгізу арқылы ет өндірісі дамыту және қайта өңдеу;
2. бақша өсімдіктерін өсіру;
3. қант қызылшасын өндіруді дамыту;
4. астық экспорттына жол ашу;
5. ет өнімдерін өңдеу және экспорттау;

6. бәсекеге қабілетті жүнді өңдеуді дамыту;
7. сүт өндірісі және сүт өнімдері;
8. құс шаруашылығын дамыту.

Дүние жүзінде аграрлық елдер қатарындағы біздің ел үшін мал шаруашылығының келешегі зор екені белгілі, өйткені, бізде мал өсіруге өріс те, кеңістік те жетерлік. Сондықтан бірқатар жерлерде мал тұқымын асылдандыру ісі жолға қойылып келеді. Бұл туралы кезінде Парламент арнайы заң да қабылдаған еді. Бүгінде малдың генетикалық әлеуетін арттыру, селекциялық жұмысты жақсарту, оның ішінде малдың әлемдік және отандық гендік қорының озық жетістіктерін қолдана отырып, саланы жедел дамыту, өнеркәсіптік негізге көшіру қажеттігі туындап отыр. Ынталандыру жолдарын белгілеу және басқа да экономикалық реттеу тетіктерін іске қосу арқылы Үкімет бұл міндеттерді шешу ісіне де белсенді қатынасуда. Мал шаруашылығының қарқынды даму үдерісін ынталандыру мақсатында ірі қара мал мен шошқаны бордақылау үшін пайдаланылатын құрама жемдердің бағасын арзандату үшін жаңа бюджеттік бағдарлама енгізілді.

Қазіргі кезде мұздатылған және салқындатылған ет өнімдері әлемде сұранысқа ие болуда. Мұндай тиімді сұранысты қанағаттандыру ісіне қатысу үшін біз, ең алдымен, халықаралық талаптарға сәйкес озық үлгідегі жемдік базасы және инфрақұрылымы дамыған мал семірту алаңдарын салу, қалыптастыру жөніндегі жобаларды іске асыруымыз керек. Тауар өндірушілер қызметін нақ осы мақсатқа тиімді бағыттау мақсатында мемлекет, ұйымдастыру шараларын қолға алумен қатар, олардың жұмысына жеңілдік беретін осы бағыттағы жаңа бюджеттік бағдарламаларды енгізуде [2].

Елімізде мал шаруашылығында да оң тенденциялар сақталып отыр. Малдың барлық түрінің саны және мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі жыл сайын орташа 4-5%-ға тұрақты өсу үстінде. Малды асылдандыру, асыл тұқымды мал өсіру, асыл тұқымды шаруашылықтардың санын көбейту іске асырылып жатыр. Мал шаруашылығы өндірісін мамандандыру және оны өндірістік негізге ауыстыру процесі жалғасуда. Мал шаруашылығы саласында өндіріске қолданылатын ірі қара мал еті, шошқа еті, құс еті, жұмыртқа, сүт және биязы жүн субсидиялануда. Аталмыш жағдай, бір жағынан қазіргі ауыр жағдайдағы қайта өңдеу кәсіпорындарына қолдау көрсетуге, екінші жағынан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қайта өңдеу саласын дамыту үшін, алдымен, қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық және технологиялық қайта жабдықтау қажет. Сонымен қатар, қайта өңдеу қуаттылығын сапалы шикізатпен толықтай қамтамасыз ету жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Инновациялық жобалардың көп бөлігі отандық ет және ет өнімдерінің экспорттық потенциалын көтеруге байланысты. Қазіргі кезде Қазақстанда ет өнімдерін экспорттамайды. Ет импортының динамикасы 2000 жылдан бастап өсу тенденциясын көрсетіп келеді: 2000 жылы Қазақстан 21,9 мың тонна, 2007 жылы 170,7 мың тонна, 2009 жылы 156,3 мың тонна импорттаған. Тек 2010 жылы ұсыныстың қысқаруына байланысты, ақша девальвациясы және нарықты қорғау шешімдеріне байланысты импорт бірнеше есеге қысқарған. Біздің елде ет өндірісі бәсекелестік жағдайында басқа елдерден артта қалады.

Ал, Ресей жыл сайын, негізінен, Бразилия, Аргентина, Мексика елдерінен 2 млн. тонна ет импорттайды. Яғни отандық ет өндірісінің көлемін бірнеше есеге арттыруға мүмкіндік береді. Көрші елдің нарығына шығу үшін экспорттық өнімге қажетті инфрақұрылым алуымыз қажет. Бұл бағытта үш жоба бар. Біріншісі – мал бордақылайын алаңқайлар құру. Қуаттылығы бес мың ірі қараға арналған екі осындай алаңқайды салу биылғы жылғы жоспарға енгізілген. Екіншісі – мал соятын нүктелер желісін құру жөніндегі пилоттық жоба. Бұл жоба Ақмола облысының селолық округтерінде жүзеге асырылады. Малды бордақылау мен союды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек. Себебі қазіргі кездегі малдың көп бөлігі шаруалардың фермаларында сойылады, ал еліміздегі 440 мал соятын нүктелер халықаралық стандарттарға сай емес. Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарына сай келетін осындай орталық ашсақ, бірнеше мәселені қатарынан шешетін едік. Малды есепке алу, сою, санитарлық және жасанды жолмен ұрықтандыру. Үшіншісі – етті қайта өңдейтін қазіргі заманға сай кешендер салу. Қазір бізде ресейлік нарыққа шығаратын үлкен және

вакуумдағы ірі кесектеліп кеселген ет жоқ. Еліміз ауылшаруашылығы өнімдерінің экспорттық мүмкіндігін арттыру үшін инновациялық жобаларға арқа сүйеіп отыр. Оның ішінде барлық инфрақұрылымы жетілген жем дайындау алаңдарын ашу көзделуде. Уақыт өткен сайын әлемде экологиялық таза өнімге сұраныс артып келеді. Сондықтан жақын және алыс шетелдердегі мал азығы нарығын қазақстандық өндірушілердің «жаулап» алуына әбден болады [3, 26.].

Ел ішінде қайта өңделген өнімдерді өткізетін тұрақты базар ашу, оның ішінде көліктік-логистикалық жүйе құру негізгі міндет. Шетелдік стандартты енгізген қайта өңдеу кәсіпорындарының саны 2014 жылға дейін 420 бірлікке жеткізу көзделуде. Егер сәйкесті ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету болмаса, агроөнеркәсіптік кешен салаларын тиімді әрі толық ауқымда дамыту мүмкін емес. Аграрлық ғылымды дамытудың және мамандарды дайындаудың басты жолы да осындай мақсаттарға бағындырылуы керек. Олар: агротехнологияларды шетелдік трансфертпен қамтамасыз ету, АӨК-нің инновациялық жүйесін құру, жобаларды іске асыру. Алдыңғы қатарлы инновациялық технологиялар жүйесін енгізіп, ауылшаруашылық өнімдерін барынша сапалы дайындауға күш жұмсау керек, онсыз біздің өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату мүмкін емес. Аграрлық несиелік корпорациясының тәжірибесі көрсеткендей, кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуымен сервистік дайындау орталықтарын құру тиімді болып келеді, ол өз кезегінде, өндірілген өнімді тиімді өткізуге және қажетті қаржылық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осындай нәтижелер бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімінің тұрақты өндірісін, ішкі қажеттілікті азық-түлікпен қамтамасыз ету және экспортқа жол ашуды қамтамасыз етеді.

Аграрлық сектордың басты мәселелерінің бірі ауылшаруашылық технологиялары болып табылады. Өндіріс технологиясының өзгеруі, дамыған ауыл шаруашылығында өндірістің қарқынды мамандануы және шоғырлануы, санды және сапалы ауыл шаруашылығы жиһазымен жабдықталу жағдайы осы заманғы техникаға және ауыл шаруашылығын механикаландыру құралдарына сұраныстың себепші болатын факторлар болып табылады [4, 46.].

Республикада 156,0 мың шынжыртабанды және доңғалақты тракторлар, 49,5 мың астық жинайтын комбайндар, 51,0 мың жүк автомобильдер, 15,2 мың дестелегіштер, 90,6 мың тұқым сепкіштер және 336,5 мың топырақ өңдеу техникалары бар.

1-кесте

Қолда бар негізгі ауыл шаруашылығы техникалары [4, 46.]

Техника	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Трактор	128490	129411	1326276	134799	13721	158230	158276	156656
Комбайндары	39678	41093	42544	43849	45454	46354	48507	49503
Егіс кешендері	38	337	762	1117	1457	2074	2213	2408
Тұқым сепкіштер	81983	82919	87625	89825	90743	91310	91340	90690
Дестелегіштер	14774	14859	15458	15575	15243	14851	15173	15270
Топырақ өңдеу техникасы	331836	334239	339768	348957	337741	336326	336367	336542
Жүк автомобилі	46619	46706	46772	46827	46835	51017	51026	51026

Республиканың дәнжинаушы комбайндар, доңғалақты және шынжыр табанды тракторлар, өзге де ауыл шаруашылығы техникалар рыногы іс жүзінде барлық жетекші өндіруші елдермен ТМД – Ресей, Украина және Беларусь елдерінде шығарылған техникалардың басымдығымен көрінеді, бұл салыстырмалы қол жетімді бағаға, Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайына бейімделуге, жөндеу және техникалық қызмет көрсету сервистік базасының болуына байланысты.

Соңғы 8 жыл (2003-2010) ішінде республикада 38 мың бірліктен астам негізгі ауыл шаруашылығы техникасы және жиһаздары әр түрлі қаржыландыру көздері: бюджеттік инвестициялар, екінші деңгейдегі банктердің несиелу қаржысы арқылы, жеке тұлғалар және өзгелер арқылы сатып алынды. Көрсетілген мерзімде сатып алынған негізгі ауыл шаруашылығы техникалардың түрлері келесі кестеде келтірілді.

Сатып алынған негізгі ауыл шаруашылығы техникалар, дана [4, 4б.]

Атаулары	2003	2003	2005	2006	2007	2008	2009	2010	Барлығы
Тракторлар	571	916	1 427	1 250	1 220	1 129	1 914	950	9 377
Комбайындар	1 410	1 364	1 415	1 461	1 295	1 606	1 785	1 150	11 486
Сепкіштер	686	501	1 425	865	468	681	717	430	5 773
Егіс кешендер	9	27	285	412	356	408	495	334	2 326
Дестелегіштер	149	228	473	376	168	350	251	172	2 167
Топырақ өңдейтін техникалар	248	343	571	491	181	313	290	216	2 653
Жүк автомобильдер	29	88	47	62	79	94	202	80	681
Өзге техника	79	90	137	181	159	729	1 380	901	3 656
Барлығы:	3 181	3 557	5 780	5 098	3 926	5 310	7 034	4 233	38 119

2009 жылы 4,2 мыңнан астам негізгі ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды: тракторлар – 950, астық жинайтын комбайындар – 1 150, сепкіштер – 430, егіс кешендер – 334, дестелегіштер – 172, топырақ өңдеу техникалар – 216, жүк автомобильдер – 80, өзге техникалар – 901. «ҚазАгроҚаржы» АҚ өзінің барлық қызмет атқару мерзімі кезіңінде лизинг және несиелеу жолымен жалпы соммасы 107,4 млрд. теңгеге сатып алынған 13 мың бірлік әр түрлі ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарды қаржыландырды [4, 4б.].

Республикада ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, терең өңдеу өз дәрежесінде емес. Базарларда, дүкендерде сатылатын, терең өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері шет елдерден келеді. Азық-түлік тауарларының импорт көлемі басым. Тамақ өнеркәсібі жоқтың қасы. Қазіргі кезде тұтынушылар азық-түлік өнімдерінің тек өңделгеніне ғана емес, оның сапасына, сондай-ақ дизайніне, буып-түюіне, өлшеп орауына дейін назар аударады. Ал, экономика заңдылығына сәйкес, азық-түлік өнімдерінің импорты 20 пайыздан асса, сол тауарды өндіруші сала дамымайды, қайта төмендейді. Сондықтан, мемлекет ауыл шаруашылығының өңдеу саласына қолдауды күшейтуі керек. Сонымен бірге, мал өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен эпизоотиялық жағдайлардың алдын алу үшін бірқатар жұмыстар атқарылуы тиіс. Малдәрігерлік қызметті халықаралық талаптар мен стандарттарға сай дамыту үшін және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында “Малдәрігерлік қызмет туралы” Заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет.

Ендігі жерде ет өндірісіне жаңа технологиялық процестерді енгізу арқасында өнімнің сапасын жақсартып, ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру арқылы, ауыл шаруашылық құрылымдардағы мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің үлес салмағын көбейтіп, мал өнімдерінің ішкі бағаларын тұрақтандыру, мал шаруашылығы шикізатын дайындап, сақтау және алғашқы қайта өңдеумен айналысатын АӨК құру арқылы мал өнімдерінің бәсекелестік қабілеттілігін жоғарлату, нарықты, отандық жоғары сапалы және бәсекелестікке қабілетті тауарлармен қанықтыру, мал өнімдерінің экспорттық көлемін көбейту мен импорттық көлемін төмендету қажет.

Біз осылайша елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін, сапалы, арзан, бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін ет өнеркәсібін дамытуға мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетуге тиіспіз. Қазақстан өзінің ет экспансиясын икемділігі әрдайым өсіп тұратын көрші Ресей нарығынан бастауы керек. Әсіресе, ет экспортының деңгейі 2020 жылға қарай 120 мың тоннаға жетеді деген болжам бар. Сондықтан отандық ауылшаруашылық экспортқа негізделуі керек.

1. Евниев А. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру // Егемен Қазақстан. – 2009. - №323/324. – 3б.
2. www.google.kz (http://testent.ru/load/studentu/ekonomika/agropromyshlennyj_kompleks_apk_rk/51-1-0-1569)
3. Жалғасова Г. Ет өнеркәсібінің келешегі кемел // Сыр бойы.– 2009. – 2 б.
4. Табынұлы Т. Ауыл шаруашылық техникаларды дамыту шаралары // Айқын. – 2009. - №241. – 4б.

В этой статье рассматривается современная ситуация животноводческой отрасли, а также проблемные вопросы развития мясного направления отрасли животноводства и эксперт казахстанского мяса в долгосрочной перспективе.

In this article the modern situation of cattle-breeding branch, and also problem questions of development of a meat direction of branch of animal industries and the expert of the Kazakhstan meat in long-term prospect is considered.

Д.А. Калдияров, С.С. Оразбаев

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ТЕХНОЛОГИЙ ОЧИСТКИ ПРИРОДНОЙ ВОДЫ

Для разработки экономической политики, принятия правильных экономических решений важно знать экономическую ценность природных благ услуг. Сейчас большинство этих факторов или вообще не имеет цены, или имеет заниженную цену/оценку, что часто приводит к принятию природоёмких, антиэкологических решений. Недоучет экологических параметров приводит к искаженному измерению экономического развития через традиционные показатели валового внутреннего продукта (ВВП), валового национального продукта (ВНП) за ростом которых может скрываться деградация окружающей среды. Среди имеющихся подходов к определению экономической ценности природных ресурсов и природных благ можно выделить: рыночную оценку, ренту, затратный подход, альтернативную стоимость, общую экономическую ценность (стоимость). Наиболее комплексным является подход на основе общей экономической ценности, которая наряду со стоимостью использования (прямая, косвенная и возможная стоимости) учитывает стоимость существования, базирующуюся на экономической оценке сложных этических и эстетических аспектов природы.

Для оценки экономической эффективности проекта или программы, определения степени их приемлемости в экономике имеется механизм сопоставления затрат и выгод в денежном выражении. Введение фактора дисконтирования позволяет сравнивать текущие суммы с будущими суммами. Для определения эффективности проекта/программы используются три критерия: чистой текущей стоимости, внутренней нормы окупаемости и соотношение выгоды/затраты. Использование этих критериев предполагает расчет экономической оценки экологического воздействия проекта/программы. Здесь можно применить два подхода: использование рыночных цен для оценки воздействия на товары и услуги (изменение продуктивности, ухудшение качества жизни, альтернативная стоимость и др.), и оценку, основанную на использовании величины непосредственных затрат, расходов.

Для комплексных государственных проектов/программ затраты и выгоды распределены во времени. Например, долгосрочная программа строительства мощных водоочистных сооружений на первом этапе требует расходов на планирование и проектирование, на втором этапе расходы связаны со строительством и установкой оборудования, на третьем этапе появляются выгоды от ввода сооружений в эксплуатацию, но при расходах на их обслуживание.

Оценки, применяемые при взаимоотношении общества и предприятий, использующих природные ресурсы или загрязняющих окружающую среду, делятся на три группы. Первая группа – оценки общественной полезности природных ресурсов; вторая группа (цены, налоги) – стоимостные нормативно определяемые оценки; третья группа (лицензии) – рыночные цены. Эти три вида оценок могут быть определены по каждому из элементов окружающей среды, и их значение не обязательно будет одинаковым.